**Автор**: Шалкарбаева Гулжайнар Кайруллина
**Пән**: Математика
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану
**Тақырып**: Жай бөлшектер мен аралас сандарды көбейту

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.1.2.21 жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау; |
| Сабақтың мақсаты: | Жай бөлшектерді көбейте алады; Жай бөлшектерді натурал санға көбейте алады; Аралас сандарды көбейте біледі; |
| Тілдік мақсаттар: | Пәнге қатысты лексика мен терминалогия - жай бөлшектерді қосу және азайту; - жай бөлшектерді көбейту және бөлу; - арифметикалық амалдар алгоритмі; Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: - бөлімдері әртүрлі аралас сандарды қосу үшін, ... керек; - екі бөлшекті көбейту үшін, ... керек; - бөлшекті натурал санға көбейту үшін, ... керек; - аралас санды бөлшекке (аралас санға) көбейткенде ... керек; |
| Күтілетін нәтиже: | • Бөлшектерді дұрыс көбейтеді ;<br>• Натурал санды бөлшекке көбейтеді;<br>• Аралас сандарды көбейте алады ; |
| Бағалау критерийлері: | • Бөлшектерді дұрыс көбейтеді ;<br>• Натурал санды бөлшекке көбейтеді;<br>• Аралас сандарды көбейте алады ; |
| Құндылықтарды дарыту: | Жалпыға бірдей еңбек қоғамы |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Жаңа тақырыпқа қатысты материалдарды слайд арқылы көрсетіп, интербелсенді тақтаны пайдалана отырып есептер шығарту арқылы оқушыларды АКТ қолдануды үйретемін. |
| Пәнаралық байланыс: | Анықтамаларды дұрыс, нақты айту арқылы қазақ тілі пәнімен жәнеде жаңа сабақтың мазмұнын ашу биология пәндерімен байланыс орнатамын. |
| Бастапқы білім: | Жай бөлшек |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Мотевациялық кезең : а) Оқушыларды сабаққа ынталандыру б)Сабаққа қатысушы оқушыларды түгендеу в) Үй тапсырмасы тексеру Жұптық жұмыс Көршіңді тексер. (тақтада есептің жауабы шығып тұрады сол бойынша оқушылар көршілерін тексереді) | |
| Сабақтың ортасы | Жаңа сабақ. «Ой қозғау» Білім – ланд (интербелсенді тақтада жаңа сабаққа байланысты видоролик көрсетіледі) Осы көрсетілген бейне көрініске байланысты (оқушыларға мысал беріледі шығарып, бір – біріне түсіндіреді) | |
| Сабақтың соңы | «Аяқталмаған сөйлемдер» стратегиясы 1 минут Бүгінгі сабақта мен: ............................................... үйрендім. Бұған дейін мен: .............................................. білуші едім. Топпен жұмыс жасау кезінде: .............................түсіндім. Бүгінгі тақырып бойынша: ............. түсініксіз болды. | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Рефлексия | Қабілеті жоғары оқушыларды қабілеті төмен оқушылармен бірге бірлесе отырып топтық жұмыс жасайды. Олар көмек көрсету арқылы олардың жинақталуына септігін тигізіп, оқуға тарта алады. Топқа қойылатын талап бойынша әр топ шығарған есепті қалай шығарғанын басқа топ алдында қорғайды және әрбір топ мүшесінің өзіндік рөлі болу керек. 2. Әрбір оқушыны назардар тыс қалдырмай жеке қадір-қасиетін сезіну үшін іс-әрекетіне қарай мадақтау алады. | |